

НӘРЕСТЕЛЕР АРАСЫНДА ГЕМОЛИТИКАЛЫҚ АУРУДЫҢ КЕЗДЕСУ ЖИІЛІГІ ЖӘНЕ СОҢЫ

Н.А. Имашева, Б.А. Алибекова

КеАҚ «Семей медицина университеті»

Семей қ., Қазақстан

Зерттеудің өзектілігі.

Нәрестелер өлімі арасында гемолитикалық ауру перинаталды кезеңде 0,1-0,2%, бір жасқа дейінгі балалар арасында қайтымсыз орталық жүйке жүйесінің зақымдануы 10% кездеседі. Қазіргі таңдағы акушерства мен неонатологиядағы басты сұрақтардың бірі жүктілік иммунологиясы. Иммуноглобулинді дер кезінде ауруды алдын алып енгізу нәтижесінде ауру жиілігін төмендетті. Нәресте дүниеге келгеннен кейінгі толық зертханалық тексеру, уақытылы және тиімді көмек 90% жағдайда қолайлы болжам көрсетеді.

Зерттеу мақсаты.

Гемолитикалық аурумен туылған нәрестелердің кездесу жиілігі және құрылымын анықтау.

Зерттеу әдістері және материалдары.

Балалардың даму және ауру тарихы, жүктіліктің алмасу картасы, аналарының ауру тарихы.

Зерттеу нәтижесі.

Соңғы жылдары туыттық көрсеткішінің жоғарлауы байқалады. Жылдық есеп бойынша аурушандық көрсеткіші арасында Гемолитикалық ауру бесінші орында. АВО жүйесі бойынша кездесу жиілігі резус сәйкессіздікке қарағанда жоғары. Гемолитикалық аурудың жіктелуіне сәйкес анемиялық түрі сарғайғыштықпен бірге жиі кездеседі. Соңғы 4 жылда туған нәрестелерде ГБН кездеу жиілігін қарағанда 2019 жылы 49 нәрестеде ГБН анықталса, 2020-56, 2021-64, 2022-82 нәрестеге өсіп отыр. Барлық нәрестелерге фототерапия жасалды. Алмастырып қан құю операциясы 11,5%, иммуноглобулинді ем 16%. Екі нәрестеде (2021-1, 2022-1) аяқталды. Жүктілік кезінде аурудың алдын алу еш жағдайда жүргізілмеген.

Қорытынды.

Сонымен қорыта келгенде нәрестелер арасындағы гемолитикалық ауру қазіргі таңда жиі кездеседі. Бұл нәрестелер арасындағы орталық жүйке жүйесінің қайтымсыз зақымдануының жиі себебі болуы мүмкін. Гемолитикалық ауруды ерте анықтау және уақытылы көмек көрсету болжамын жақсартады.